



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

I том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы

III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том I

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings

of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

I том

Астана, 2018

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.0
Ә 43

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Ә 43 Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. –218 б.

ISBN 978-9965-31-976-1

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Звезда Содружества» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Древо жизни» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселесі», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ 1/14
БЖ 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, ПРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2018 года

Том I

Астана, 2018

УДК 1/14
ББК 87.0
А 43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А 43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. –218 с.
Т.1

ISBN 978-9965-31-976-1

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INSTITUTE OF PHILOSOPHY OF THE RAS
INSTITUTE OF PHILOSOPHY, POLITICAL SCIENCE AND RELIGION
OF THE CS MES RK
KAZAKHSTAN BRANCH OF THE M.V. LOMONOSOV MSU

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY, DEVELOPMENT
OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS, AND MORALITY**

Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Astana, 2018

UDC1/14
LBC 87,0
A 43

Editorial Council

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, Farifolla Yesim,
G.A. Adaeva, S.A. Arystambaeva, M.M. Bozzhigitova,
K.A. Medeuova, D.T. Tolgambaeva

A43 Actual problems of world philosophy, human development, his consciousness and morality: Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference (February 16-17, 2018, Astana, Kazakhstan) in 2 volumes. – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018–218 p.

ISBN 978-9965-31-976-1

The collection contains Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference "Actual Problems of World Philosophy, Development of Human, His Consciousness, and Morality", dedicated to the 85th anniversary of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, the Laureate of the Kazakh SSR State Prize in the field of science and technology, the Commonwealth Star Interstate Prize, the President's Peace and Spiritual Consent Prize, Russia's the Tree of Life Prize, and Shokan Ualikhanov's First Prize.

There were sections within the framework of the conference: "History of philosophy, actual problems of the theory of knowledge and methodology of science", "The problem of man and morality in the contemporary world", "Academician Zh. Abdildin and the development of the problems of dialectical logic, the theory of knowledge, man and morality".

It is addressed to all interested in the actual problems of contemporary philosophy and creativity of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the NAS RK

The published materials are presented in the author's edition.

UDC1/14
LBC 87,0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

ықтимал, болжамды құруға мүмкіндік береді. Тарихи сананың пайда болуы мен дамуы және оның маңызды құрамдас бөлігі тарихи жады кез-келген адамзат қауымдастығының материалдық және рухани мәдениетінде уақытты байланыстырады, бұл мәдениеттің тарихи тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 с.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАНЫМЫ

*Таурова Б.Л.,
Астана қ., b_t_l@list.ru*

Шоқан ежелгі халықтың тарихтағы орнын саралай отырып, дәстүр мен діни құндылығы кіріктірілген жерден алынған өміршең идеяларды әлемдік деңгейде саралады. Бұл жерде екі негізгі мәселеге тоқталуымыз қажет. Біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрдің халық танымындағы орны мен қызметін жергілікті наным-сенімімен жымдастыра айқындау, екіншіден сол халық танымына әсер еткен әлемдік діннің еркін немесе күшпен таралған тұстарын мәдени өлшемдермен байланыстырып, өркениет деңгейіне көтеріле алдыма деген сауалдың төңірегінде ой қозғау болып отыр. Шоқан ұлттық сананы жоюда жаулаушы елдің саяси ұстанымы өктемдікке толы болатынын білді. Ұлт - тарих өтінде мәдени, діни, саяси ықпалдастықта болған. Ұлттың өзін сақтауда саяси жүйелер дәстүрге жүгінуді қажет етсе, ал сіңісіп кету дәстүрден алшақтап, дінге басымдық берумен өлшенген. Шоқан ұлт танымының толысуы мен күйзелісін осы екіарадан іздеп, дін-философиясы тұрғысынан зерделеген.

Ежелгі халық танымында ауызша мәдениеттен кейін жазбаша мәдениеттің орны қоғамда ерекше қызмет атқарған. Жазу мәдени-рухани тұрғыдан ұлттың толысуына көмек берген. Мысалға алатын болсақ, арамей тілі: еврей, сирия, иран, араб деп төртке бөлінген. Иудаизм Сириялық христианшылдыққа, зороастризм, мұсылман дінінің дәуірлеуіне байланысты дамыған. Өткен тарихқа қарасақ, зороастризм мен шығыс христианшылдыққа қызмет еткен арамей тілі мұсылман діні шыққанға дейін бүкіл шығыс елдеріне кең тарапты. Қиыр Шығыс пен Сібірде иероглиф және сына жазуы өрістепті. Кейін ислам дінінің дәуірлеуіне байланысты Қиыр Шығыс иероглиф жазуынан басқасын араб жазуы жұтып жіберіпті. Мамандардың айтуынша, араб жазуы арамей жазуының набатей тармағынан тараса керек.

Алтай тіл тобына жататын түркі халықтары ерекше мәдени-тарихи типті құраған. Өзара түсінісу жолында тілдік ерекшелігінде айтарлықтай өзгешелік болмаса да, дүниетанымы далалық танымға негізделді. Діни, мәдени, саяси ұстаным қоғамда маңызды болған. Қаншама ұлт өзінің ұлттық болмысын сақтай алмай өзге ұлттарға этнографиялық құрал ретінде сіңісті. Мұны саяси шапқыншылық және діннің күшпен таралуының арқасында өзге ұлттың құрамына кіріктіріліп кеткенімен байланыстырамыз. Шоқан ғалым ретінде ұлттық психологияны қалыптастырған нәзік өлшемдерге талдау жасағанда, тарих көшіндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани байланыс негізінен іздеген. Осының негізінде әлем халқының ойлау машығы мен психологиясы мәдени-рухани, саяси байланыста өзін не аша түседі не қауқарсыздыққа ие болатынын жазған. Шоқан ұлтқа қатысты арнайы еңбек жазбаса да, діни танымын дін-философиясы тұрғысынан зерделеген.

Әлемдік мәдениет пен өркениетке үлес қосқан халық бір ұлттың танымымен көтерілмеген. Себебі, ешбір ұлттың қоғамынан діни, мәдени, саяси жүйенің бір арнадан тоғысқан жерін көрмейміз. Мысалға алатын болсақ, еврейлерге дін, гректер мәдениет,

римдіктерге саяси жүйе тән. Шоқан түркі халқының танымына салыстырмалы түрде ғылыми- философиялық тұрғыдан келген. Осының негізінде Шоқан түркі халқының тарихтағы орнын саяси жүйелер арқылы қамтып, мәдени ерекшелігін дәстүрден іздеп, космологиялық, космогониялық түсініктерге дін философиясы тұрғысынан зерделеген. Дүниенің жұмбақтылығы мен адам болмысының жұмбақтылығы өзіндік сырға толы. Шоқан халқымыздың ілкі танымын халықтық фольклордан, аңыз бен ертегіден өріп, берісі, араб, парсы, түркілік поэзияға шығыстық нәр берген тұсымен көмкеріп, рухани сабақтастықта орыс және еуропалық мәдениеттен қажеттісін қабылдау арқылы адамзатқа ортақ құндылықты насихаттауға шақырды.

Шоқан ұлттық және әлемдік діннің тарихтағы орнына баға берген. Ол дінді жақтаушы да, даттаушы да тұлға болмаған. Тәңірлік сенімнің түркі танымына ықпалын менталдық ерекшелігімен қабыстырған. Ғасырлар бойы келе жатқан дәстүр мен ежелгі наным-сенім (тәңірлік, жер-су, ұмай) рух дарытушылық күшке ие екеніне алғаш рет ғылыми тұрғыдан саралаған. Шоқан әлемдік діннің пайда болуы мен таралу үрдісінен хабары жақсы болған. Ол буддизм, христиан, ислам дінінің әлем халықтарына таралуы мен ықпалын, саяси үрдістер мен мәдени байланыстырдың бірлігінен іздеді. Шоқанның мәселені осылай көтеруі маңызды. Шоқан әлемдік діннің тарихтағы орнына теңдей қараған. Біреуін екіншісінен жоғары қойып ұлықтамаған. Шоқанның мұсылман немесе христиан діні неге қытайды жаулай алмады деген сауалды қоюы орынды. Ежелгі қытай халқының танымының дамуына Конфуций мен Лао-цзы зор үлес қосты.

Шоқан далалық мәдениет пен өркениеттің өзіне тән ерекшелігі қандай? Әлемдік мәдениет пен өркениеттен алған тағлымы мен оған қосқан үлесі бар ма? деген сауалдар мазалады. Шоқан азия, үнді, қытай, грек-рим, мәдениетімен таныс болған. Мәдениет пен өркениет ошағы болған мемлекеттің тарихы мен танымын тану маңызды. Таным тегеуріні әртүрлі құрылымдық жүйе негізінде қалыптасады. Оған ішкі құрылымға негізделіп сыртқы ықпалмен немесе сыртқы саяси күш ішкі ықпалмен ымыраласа отырып та қаланған. Ежелгі кезеңде Қазақстан мен Орта Азияға Ассирия мен Мидияның, Ахеменидтер мемлекеті мен Персияның айтарлықтай әсері болғанын тілге тиек етсек жеткілікті.

Қоғамда мәдени өлшемдерді ғылыми тұрғыдан ғалымдар қалыптастырды. Ежелгі кезеңде жоғарғы тап өкілдері тылсым білімге ие болған. Олар қарапайым халықтан дараланған. Жоғарғы, орта, төменгі тап өкілдері болып бөлініп, сол мәдениеттің негізінде өмір сүріп, өзіне тиісті білімді алып, сонымен шұғылданған. Оған үнді жеріндегі брахмандар төменгі кастаның өкілдеріне ескі әдіс тұрғысынан білімді аллегория мен ертегілер көмегімен берсе, қытайда Шан Яннің пікірі бойынша, әмірші халықты әлсіретудің жолын білімді тежеу деп таныған. Білім шектелмей көбейсе, елді басқару мүмкін емес, ал білім шектеліп, ынталандырылмаса, адамдар адал әрі қарапайым болатындығын алдыға тартқан. Мұндай түсініктер түркілік танымға жат. Әсіресе, қазақ халқының танымында білімге құштарлық, терең ізденісті қажет етіп, көппен бөлісіп отыруды жөн көрген. Рухани жаңарудың жолында ұлтаралық қатынастар мен мемлекет аралық саяси байланыстар жаңғыртушы ықпалды қалыптастырған. Түркі болмысына тән сипат- алуан түрлі мәдениеттермен байланысқа түсе отырып, өзін жаңғыртып, әрі аша түскен тұстары көп болған. Екіншіден, көшпелі халықтың басын біріктіретін ортақ символы болған. Оған тарихта түркі-монғолдың ортақ ұранын көтеріп шыққан Шыңғыстың ұстанған саясаты дәлел. Жалпы түркі халықтары ел басқарған дана көсемдерінің басына күмбез тұрғызып, өзін пір тұтумен бастаған істері игі бастамаға қуат берген. Мұндай таным күні бүгінге шейін өз жалғасын тапқан. Дегенмен, көшпелі халықтың басым бөлігіне шамандық, буддизм, мұсылманшылық пен шығыстық ілімнің араласуы жаңа дүниетаным мен идеологияны қалыптастырды. Шыңғыс шапқыншылығы жауланған елдің санасы мен психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, рухани жағынан тәуелді етті. «Адамзат татар-монғол шапқыншылығының зардаптарын жоюмен айналысқанда шыңғысшылдық дінге сену екенін «байқамады». Басқа да универсалды идеологиялық-дүниетанымдық жүйелердің жаулық әрекеттері, кейбір жағдайларда өз құрамына шыңғысшылдық элементтерін енгізіп алған ислам немесе ламаизм секілді, оның

барлық жерде жоғарғы деңгейде ұғынуға жағдай жасады»-деген болатын Г.Барлыбаева.[1] Бізге белгілі оңтүстік қытайдың билеуші бай топтары буддизмді өз мақсаттарына пайдаланды. Қытай мәдениетінің негізгі орталығы оңтүстік қытай саналса, солтүстік жағы көшпелілер шабуылы кезінде кітапханалар қирап, мәдениет ошақтары күйреп, будда дінінің келуімен үнді-қытай арасында сауда қатынастары мен саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани байланыстар жоғарғы деңгейде орнықты.

Діннің қоғамдағы орны халықтар танымына қозғау салып отырған. Тибет пен таңғұт емес, моңғолдардың басым бөлігі, манжурлар, қалқалар, элюттер ламаны құрмет тұтты. Қытай үкіметі барлық дінге немқұрайлық танытса да, ламалар мен бонзалар мемлекетке қауіпті болмауын қарастырып, далай-ламадан бөлектепті. Тибет пен Жапония да бұл дін қатаң болса, ал моңғолдың күнделікті өмірінде ырым-сенімдік жолда қызмет етсе, ал Үндістан жерінде ыстық климаттың табиғи жемісі ретінде асқақталыпты. Осыдан діннің әр мемлекетке әртүрлі әсер еткенін көреміз. Ал талапойндар болса, адам жанын тербетіп, жауынгерлік рухын басып, жоғарғы билікті аңсамай, адам күнеларын садақамен жуыпты. Осы жерде діннің халық санасына әсерін саяси билікпен ұштастырып, мәдени және діни ұстанымдарын бағамдау маңызды. Ежелгі кезеңде қаншама ұлт тарих көшінде тамыры қиылып, өміршеңдігін жоғалтқан. Өзін дамыта алмай, өзгенің өтінде кіріктіріліп, адамзат мәдениетіне қосары болмай өшті. Өлі тілдер мен өлі мәдениеттер тарихта ескерілмеген. Өлі тіл мен мәдениетті жандандыруға бола ма? Әрине, жоқ. Жер бетіндегі халықтың өзі өзге өркениеттің өтінде аман қалуы мен қалмауы бүгінде даулы мәселе. Аз халықты көп халықпен теңестіретін күш бүгінде білім. Ғалымдар білімнің сапалы болуына күш жұмсаған. Осы жолда ұлт мәдениетін гүлдендіріп, оны өркениеттік деңгейге көтерген. Бүгін де әр ұлт үшін әлемдік деңгейде өзінің ұлттық болмысын шыңдап, былайғы даму жолында адамзатқа ортақ құндылықты насихаттап өркендеу тұр.

И. Гердер «Адамзат тарихының философиясы туралы ойлар» деген еңбегінде: Қытай ұлтының тегі – монғол болған.... алғашқы императорлар Қытайдың солтүстігін биледі. Ол жерде өз мәнінде жартылай татар деспотияның негізі қаланды және осы деспотия оқиғалардың әрқилы бұраластарына байланысты өзінің сырт көзге адамгершілік мазмұны керемет нақылдармен көмкерілген билігін оңтүстік мұхитқа дейін жайды. Татарлық феодалдық құрылым тұтас бір жүзжылдықтар бойы вассалдарын қожайындарға бағынышты ету жолы болды; жиі болатын мемлекеттік төңкерістер осы вассалдар қолымен жасалды және осының бәрі; тіпті императордың бүкіл сарайы, регенттер рөліндегі мандариндердің өзі ежелгі мемлекеттік құрылым еді, сондықтан да Қытайға осындай құрылым орнату үшін Шыңғысхан мұрагерлері мен манжур династиясының қажеті жоқ еді; бұл бізге қытай ұлтының табиғаты мен гендік тектік сипаты қандай екенінен хабар береді,-деген болатын.[2] Бұл пікірмен толықтай келісуге болады. Шоқан: Цин сарайының тікелей қол астына қарайтын маньжурлар, сибо мен солондар, дахурлар және Орталық империя тұрғындары-қытайлар мен түнгендер – бәрі де қытай нәсілдес халықтар. Маньжурлардың бәрі шетінен әкім немесе солдат, Кіші Бұхара билігінің басында отырған жоғарғы мандариндер осы тайпадан шыққан деп нақты мәлімдеуі тарихи жағдаятты жақсы білуінде. Шоқанның түнгендер деп отырғаны (дүнгендер). Дүнгендердің бір қатары Ханафи имамның қағидаларын ұстап, басқалары Шафи имамның қағидаларын ұстанатындығын айтқан. Олар қытайша киініп, қытай тілінде сөйлейді әрі бет-әлпеті қытай пішіндес. Олар намазды араб тілінде оқиды, қытай тілінде түсіндіре отырып. Олар Мұхаммедке шексіз берілген діншілдер: мұрт қоймайды, шылым шекпейді, шарап ішпейді, шошқаның етін арам деп жиіркенсе де бұл жағдай олардың қытай әйелдеріне шын ықыласпен үйленіп, некелесуіне бөгет болмайды. Оның үстіне олардан туған балаларын өз дінінде тәрбиелеуге хақы бар. Дүнгендер поляк татарларына ұқсас және солар сияқты адалдығымен көзге түскендіктен Қытай үкіметі көбінесе полицейлік қызметке пайдаланады. Дүнгендер Кіші Бұқарлықтарды және басқа Ортаазиялықтарды діні бір болса да жатсынады, бірақ олар да дүнгендерді қытайдан ажыратпайды,- деген болатын.

Тарихта Иран мәдениеті парфяндықтар мен скифтердің көмегімен қайта құрылып, сасанидтер патшалығына билік жүргізсе, Сирия мен Кіші Азия да грек тегінен шыққан патшалар отырды. Ежелгі Қытайды билеген ғұндар мен моңғолдар. Ол кезде әкімшілік билік пен мемлекеттің құрылымы да таза қытайлық үлгіде құрылды. Тоғыз сатыдан тұратын басқару жүйесінің төрт сатысына сяньби тектілер, қалған бесеуіне қытайлық ақсүйектер отырыпты. Осы патшалық тұсында пайда болған өркениет өзгелерге ықпалы болмаған. Мысалға алатын болсақ, қытай өркениеті Жапониямен шектелсе, грек өркениетінің Мысыр мен Шығысқа әсері болмаса, ағылшындар арқылы Үндістанға Еуропа өркениетінен пайда болмапты. Өркениет тарих көшінде берілмей, тек күштеу арқылы жүзеге асқанын көреміз. Оған финикиліктер өз өркениетін Карфагенге, гректер – Оңтүстік Италия мен Азияға, ағылшындар Солтүстік Америка мен Австралияға енгізді. Осыдан кейбір ұлттар тарих көшінде этнографиялық құрал ретінде сіңіп кеткенін көреміз.

Тарихта шыңғыс шапқыншылығы Азия халықтарының демографиялық қарқынын тежей алмаса да, мәдени-рухани, саяси, технологиялық тегеуріннен қатар айырды. Шыңғыс шапқыншылығына дейін түркі халқын ашина түркілері (ақсүйектер) билеген. Ашина руынан шыққан ақсүйектер биліктен кетіп, елдің жері мен саяси билігі төре тұқымы мен пайғамбар ұрпағы болып саналатын қожалар қолына өтті.

Ассирия мен Бабыл елінен бастап, Грек пен Рим мемлекетінің дәуірлеуіне айтарлықтай үлес қосқан сырттан келген көшпелі халық болды. Бұған Қытай мен Үнді жерінен ауып келген көшпелі тайпалар тарихын кіргізуге болады. Көшпелілердің араласуынсыз не Батыста не Шығыста бірде-бір отырықшы ел мемлекет дәрежесіне көтеріле алмаған. Көшпелі өркениет империялық құрылымда өмір сүре алмайды, өйткені оның негізі отырықшылық тұрмысқа негізделмеген. Оны күй атасы Қорқыт пен ел қамқоршысына айналған Асанқайғы бейнесінің ерекшелігінен көреміз. XIV-XV ғасырда өмір сүрген Асанқайғы тарихи тұлға. Бұл жөнінде Құрманғали Халитұлының «Тауарих хамса» атты кітабының айтуынша, Асан қайғы Шыңғыс ханның замандасы Майқы бидің алтыншы ұрпағы көрінеді. Асан Қайғының құтты қоныс іздеуі сол заман тұрғысынан қазақ зар- заман күйді кешіп жүрген кезі болатын. Болашақта ұрпақ қамы үшін құтты мекен болатын «Жерұйықты» іздеуден шыққан. Жаңа жер мен жаңа қоныс іздеу отырықшылық тұрмысқа көндікпеу жатқан. Шоқанның Асан Қайғыны «Көшпенділер философы» деп атауында осындай мән жатса керек. Оның нақыл сөзі ауыздан-ауызға тарап, есімі күллі қазаққа кеңінен тараған.

Далалық мәдениетке көріпкелдік пен алдын болжау, ақындық пен ойшылдық тән. Бұл адам болмысының табиғатпен тұтастануын танытты. XV-XVIII ғ. отырықшылыққа ауысқанға дейін еуразия кеңістігінде орын алған этностар дәстүрін жалғастырушы. Түркі мәдениеті отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір салтын үйлестіре білген. Көшпелілер өзіне тән мәдени-дүниетанымдық философияны орнықтыруда, Қытай, Иран, Византия өркениетінің әсерімен жаңа мәдени жүйені қалыптастырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Барлыбаева Г. Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» шығармасының дүниетанымдық негіздері. // Қазақтың тарих философиясы. Жиырма томдық. 6-том. Астана: Аударма, 2006.-512б (74б)
2. Гердер И.Г. Адамзат тарихы философиясына деген ойлар (аударған Ә.Бөпежанова) // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 5-том. Мәдениеттің типологиясы және тарихи өлшемдері.- Алматы: Жазушы, 2006.- 496 б (19б).